



Автор: Кадырова Эльмира Абдикамаловна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Адам жанының құпиясы

Тақырып: "Құлагер" поэмасының композициясы мен сюжеті

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау
Сабақтың мақсаты:	Барылығы:Поэмаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды Көпшілігі:Композициясындағы нақтылы тартыстың басталуы мен сюжеттік желісін байланыстырып талдай алады; Кейбірі:Сюжеті мен композициясындағы теориялық ұғымдарды анықтап, өз ойымен айта алады;
Тілдік мақсаттар:	Поэма, сюжет, композиция, ат сыны, бәйге Сыншының бағасы, Құлагердің сипаты, Ақанның өнері, Көкшетау табиғаты
Күтілетін нәтиже:	Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасай алады.
Бағалау критерийлері:	-Поэма сюжеті бойынша композициялық талдау жасайды -Композициялық желі құрылымын игереді.
Құндылықтарды дарыту:	Туған жер табиғаты және тарихи тұлғалар туралы білу және құрметтеуге үйрену
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Тарих, география
Бастапқы білім:	Ақын І.Жансүгіров туралы біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (4 минут)	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберін құрып, оқушыларды ынталандыру Үй тапсырмасын "Миға шабуыл" әдісі арқылы сұрап, қалыптастырушы бағалау жасау. Бағалау: "Басбармақ" арқылы бағалау жасау	http //adebiportal.kz/kz
Сабақтың ортасы (25 минут)	Топқа бөлу: "Пазл" әдісі бойынша. Сұрыптап талдау жұмысы. Сынып төрт топқа бөлінеді де тапсырмаларын алады. А тобы-поэмада суреттелген эпизодтар табады. Ә тобы-сюжетке арқау болған негізгі оқиға Б тобы-поэмада айтылған сюжеттердің салыстырмалы кестесін дайындайды В тобы-оқиғаларда адамдар бейнесі қалай көрсетілген? Сабақтың тақырыбымен ,оқу мақсаттарымен , бағалау критерийлерімен таныстыру	https //martebe.kz
Сабақтың соңы (4 минут)	Сабақты бекіту. Белсенді әдіс . "Хан тағы" әдісі Бұл әдісте хан тағында отырған оқушыға сұрақ жазылған қағаз тапсырады. 1.Ақын не себепті Көкшетау табиғатын суреттеп бастады? т,б, Бағалау: "Жұлдызшалар" арқылы өзара бағалайды. Үйге тапсырма: "Құлагер" поэмасынан үзінді жаттау.	Әдістер жинағы

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (3 минут)	"Блоб ағашы" әдісі арқылы оқушы өзін-өзі бағалайды.Сабақ соңында оқушы сабақта өзін қалай ұстайды,қандай дәрежеде өз білімін көрсете алды,ағаштан өзін тауып бояп қояды.	